

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның  
қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты  
(экологиялық саясат)**

«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – ЕҰ) орнықты даму қағидаттарына адалдығын білдіреді және қоршаған ортаны қорғауды (бұдан әрі – ҚОҚ) және қоршаған ортаға теріс әсердің алдын алуды өз қызметінің негізгі басымдықтарына жатқызады.

**«Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясатын (экологиялық саясат) іске асыру үшін (бұдан әрі – Саясат) Қоғам басшылығы өзіне орындайтын мынадай міндеттемелерді алады және ЕҰ мен мердігерлік ұйымдардан оларды орындауын талап етеді:**

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының, қолданылатын нормалар мен стандарттардың және ҚОҚ саласындағы ішкі құжаттардың талаптарын мүлтіксіз сақтау.

2. Қоршаған ортаға теріс әсерді болдырмау жөніндегі алдын алу шараларының осындай әсердің салдарын жою жөніндегі шаралар алдында артықшылығын қамтамасыз ету.

3. Қоғамның ЕҰ-ның өндірістік объектісінің қоршаған ортаға әсерін (бұдан әрі – ҚОӘБ), құрылыс сатысынан бастап тарату сатысына дейін кешенді бағалауды жүргізу, жұртшылықты және мүдделі тараптарды міндетті түрде хабардар ету және осы ақпаратты ашық көздерде орналастыру.

4. Инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық сатыларында қоршаған ортаға теріс әсер ету тәуекелдерін барынша азайтуды көздеу.

5. Авариялар мен штаттан тыс жағдайлар кезінде қоршаған ортаның ластану тәуекелдерін барынша азайту мақсатында барлық өндірістік жабдықтардың апатсыз жұмыс істеуін және пайдаланылуын қамтамасыз ету.

6. Қоғамның компаниялар тобы қызметінің теріс әсерінен қоршаған ортаға келтірілген залалды толық көлемде өтеу.

7. Қоғамның компаниялар тобы қызметінің маңызды экологиялық аспектілері туралы жұртшылықтың, жалғыз қатысушының, ҚОҚ саласындағы мемлекеттік уәкілетті органның және басқа да мүдделі тараптардың алдында ашық коммуникацияларды, хабардарлықты және тұрақты есептілікті қамтамасыз ету.

8. Міндеттер мен жауапкершілікті бөлу, оны қолдау және тиімді жұмыс істеу үшін өкілеттіктер беру арқылы ҚОҚ саласындағы басқару жүйесі мен көрсеткіштерін тұрақты жақсартуды қамтамасыз ету.

Қоғамның осы Саясатта көрсетілген міндеттемелері ҚОҚ саласындағы

мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады, ЕҰ-ға, мердігерлік ұйымдарға қолданылады және Қоғам компаниялары тобының әріптестермен іскерлік қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғамның Саясатын ЕҰ-да қолдану осы Саясатқа сәйкес қызмет ерекшелігіне сай ұқсас саясаттарды әзірлеу және бекіту немесе Қоғам ЕҰ-ның ішкі құжаттарды келтіру жолымен белгіленген тәртіпшен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Қоғам ЕҰ-ның ұқсас саясатында және ішкі құжаттарында осы Саясатта көзделген талаптар төмендетілмеуі тиіс.